

«Манашы бөбекжай» ЖБҚ МКҚК да өткен педагогикалық кеңес өткізу туралы

Хаттама №2

23.11.2021 ж

Бейнеу селосы

«Манашы бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-да сағат 17:00 де педагог қызметкерлердің қатысуымен педагогикалық кеңес болып өтті

Қатысуға тиіс-25

Қатысты-23

Күн тәртібінде:

1. №1 педкеңес орындалысы (есеп беру)
2. Ересек топты кешенді бақылау қорытындысы
3. Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау.
-Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет
4. презентация «Мектеп жасына дейінгі балаларға рухани- адамгершілік тәрбие беру әдіс-тәсілдері».
5. Тақырыптық бақылау қорытындысы (анықтама)
6. Практикалық бөлім.
 - 1) «миға шабул»
 - 2) «ақпараттар аялдамасы»
 - 3) «аналитикалық аялдама»
7. «Ұлттық мұра көрмесі»
8. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай директоры К.Корпелиева тыңдалды. К.Корпелиева пед кеңеске қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші екінші мәселе бойынша Ж.Муханбердиевадан есеп сұралды. Әдіскер Ж.Муханбердиева №1 педкеңес орындалысы туралы есеп берді.

Балалардың өмірімен денсаулығы туралы медбике Қазиева Айхан есеп берді. А.Қазиева балалардың денсаулығын таңертең сүзгіден өткізіп қабылдап алатынын айтты және педагогтарға бөлмені уақытында желдетіп кварц шамын үнемі қосу керектігін айтты. Ауырған баланы тез арада ескерту керектігін түсіндірді. Жаттығулар үнемі жасалса баланың денсаулығына өте пайдалы және аурулардың алдын алатынын айтты.

Тәрбиеші Мухашова Әмина «Мектеп жасына дейінгі балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру әдіс-тәсілдері» тақырыбында слайд арқылы презентация көрсетті.

Күн тәртібіндегі тақырыптық бақылау бойынша әдіскер Ж.Муханбердиева бөбекжайымыздың 8 топ бойынша тексерулер жүргізді. Топ қызметкерлі туралы мәлімет.

16 тәрбиеші. Арнайы дипломдары бар педагог қызметкерлер. Тексеру барысында

топтардағы дидактикалық ойындар, қимыл-қозғалыс ойындардың көрнекіліктерін отрибут,маскілерін дайындау тапсырылған «Балдырған», «Болашақ» «Күншуақ», «Айгөлек» топтарында тақырыпқа сай жасақталған.

Психолог Г.Асабаева педагогтармен «миға шабуыл», «ақпараттар аялдамас», «аналитикалық аялдамас» тақырыбында тренинг көрсетті.

Жарыссөз: Тәрбиеші Г.Байкубекова

Өткізген осы оқу қызметімде мен жас маман болғандықтан, маған балаларға денсаулық саласы бойынша көрсетілген әдіс-тәсілдердерді өз іс-тәжірибемде қолданамын, себебі балалар бұл әдіс-тәсілдер арқылы өз пікірлерін қалыптастыруға, тапсырманы ұқыпты таза орындауға үйренеді.

Сұрақтар болған жоқ.

Әдіскер Ж.Муханбердиева балабақшадағы режимдік сәттер соның ішінде тәңертеңгілік жаттығуды бақылау барысында күн тәртібімен жұмыс жасалу керек. Таңғы жаттығу музыка сүйемелдеуімен дене шынықтыру залында тәрбиеші тәрбиеленушілерді сапқа тұрғызады, тағыда олардың сыртқы түріне назар аударады.Жаттығулар жоспар бойынша өтеді. Тәрбиеші оны өткізу кезінде балалардың қалпына, нақты жаттығулар орындауға шақырады Тәрбиешілер балаларға сергектік пен жақсы көңіл-күй сыйлай білу керек.

Сұрақтар болған жоқ.

Шешім

1.№ 1педкеңес орындалысы есебінің қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын

1. «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жағдай жасау» тақырыбында жасалған баяндама қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Педагогикалық кеңес барысында айтылған ұсыныс пікірлер назарға алынсын.
3. Берілген тапсырмалар орындалсын кемшіліктер жойылсын. Жойылуын қадағалау әдіскер Муханбердиеваға жүктелсін.
- 4.Дидактикалық ойындар, қимыл-қозғалыс ойындардың көрнекіліктерін отрибут,маскілерін дайындау тапсырылған «Балапан»,»Балбөбек», «Құлыншақ» топтарында толықтыруға тәрбиешілер жұмыстансын
- 5.Серуенді ұйымдастыруда қимыл-қозғалыс ойындарының көрнекіліктерін толықтыруға тәрбиешілер жұмыстансын

Жиналыс төрайымы:

Қ.Корпелиева

Жиналыс хатшысы:

Ж.Муханбердиева